ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Су сапасы
АТОМДЫҚ АБСОРБЦИЯЛЫҚ СПЕКТРОФОТОМЕТРИЯ ӘДІСІМЕН МИКРОЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ МӨЛШЕРІН ГРАФИТТІ ПЕШТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

Качество воды
ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ МИКРОЭЛЕМЕНТОВ МЕТОДОМ АТОМНОЙ АБСОРБЦИОННОЙ СПЕКТРОМЕТРИИ С ПРИМЕНЕНИЕМ ГРАФИТОВОЙ ПЕЧИ

ҚР СТ 2214-2012

(ISO 15586:2003 Water quality. Determination of trace elements using atomic absorption spectrometry with graphite furnace, MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Су сапасы

АТОМДЫҚ АБСОРБЦИЯЛЫҚ СПЕКТРОФОТОМЕТРИЯ ӘДІСІМЕН МИКРОЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ МӨЛШЕРІН ГРАФИТТІ ПЕШТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

ҚР СТ 2214-2012

(ISO 15586:2003 Water quality. Determination of trace elements using atomic absorption spectrometry with graphite furnace, MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан метрология институты» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны және «Технократ Плюс» ЖШС «Машина жасау, металлургия, құрылыс өнімдері мен қызметтерін сертификаттау» № 53 стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2012 жылғы 16 қазандағы № 491-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 15586:2003 «Water quality-Determination of trace elemets using atomic absortion spestrometry with graphite furnace» (Су сапасы. Атомдық-абсорбциялық спектрометрия әдісімен элементтер болуын графитті пешті пайдаланып анықтау) халықаралық стандартымен бірдей.

Ағылшын тілінен аударылған (en).

ISO 15586 халықаралық стандарттың ресми данасы Техникалық регламенттер мен стандарттардың бірыңғай қорында бар.

Сәйкестік дәрежесі - түрлендірілген (MOD).

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2018 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде жарияланады, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайын шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтеуішінде жарияланады. Осы стандартты қайта қарау (ауыстыру) немесе жойған жағдайда тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтеуішінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толығымен немесе жартылай шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Су сапасы
АТОМДЫҚ АБСОРБЦИЯЛЫҚ СПЕКТРОМЕТРИЯ ӘДІСІМЕН МИКРОЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ МӨЛШЕРІН ГРАФИТТІ ПЕШТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

Енгізілген күні 2013-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт беткі, топырақ, ауыз, сарқынды сулар мен түптік шөгінді суларына таратылады және графит пеште электротермикалық атомдаумен атомдық-абсорбциялық спектрометрия пайдаланумен Ag, Al, As, Co, Cr, Cu, Fe, Mn, Mo, Ni, Pb, Sb, Se, Ti, V және Zn элементтерінің жаппай шоғырын анықтау әдістерін белгілейді. Осы әдіс элементтердің төмен шоғырын анықтау үшін қолданылады.

Әр элемент үшін байқаудың ең төменгі шоғыры (байқау шегі) сынамалар матрицасына, аспаптар, тарату түріне және химиялық түрлендіргіштерді пайдалануға байланысты болады. Қарапайым матрицалы су сынамалары үшін (мысалы еріген заттектер мен бөлшектердің төмен шоғырымен) әдісті байқау шектері сезімтал құралдардың байқау шектеріне жақын болады. Іріктеу көлемінің 20-µl(мкл) үшін байқау шегінің ең аз қолданылатын мәндері 1-кестеде келтірілген.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтеме құжаттар қажет:

ҚР СТ 1.9-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Халықаралық, өңірлік және шетел мемлекеттерінің ұлттық стандарттарын, басқа стандарттау бойынша нормативтік құжаттарды Қазақстан Республикасында қолдану тәртібі.

ҚР СТ ИСО 5667-1-2006 Су сапасы. Сынамалар іріктеу. 1-бөлім. Сынамалар іріктеу бағдарламаларын құрастыру бойынша басшылық.

ҚР СТ ИСО 5667-6-2008 Су сапасы. Сынамалар іріктеу. 6-бөлім. Өзен мен көлдерден сынамаларды іріктеу бойынша басшылық.

ГОСТ 8.135-2004 Өлшемдер бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Аралым ерітінділер – 2- және 3-разрядты pH жұмысшы эталондарын дайындауға арналған стандарт-титрлер. Техникалық және метрологиялық сипаттамалар. Оларды анықтау әдістері.

ГОСТ 8.315-97 Өлшемдер бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Заттектер мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілері. Негізгі ережелер.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық өлшемді шыны ыдыс. Цилиндрде, бөлшектер, құтылар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 3771-74 Реактивтер. Бір алмастырылған фосфор қышқылды аммоний. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4461-77 Реактивтер. Азот қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6709-72 Дистилденген су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 10157-79 Газ тектес және сұйық аргон. Техникалық шарттар.

ГОСТ 11088-75 Реактивтер. 6-сулы магний нитрат. Техникалық шарттар.

ГОСТ 11125-84 Айрықша таза азот қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14919-83 Электр плиталар, электр плиткалар және тұрмыстық қуыру электр шкафтары. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 14836-82 Ұнтақ палладий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 19241-80 Никель және легірленуі төмен қысыммен өңделетін никель қорытпалары. Маркалар.

ГОСТ 20298-74 Ион алмасатын шайырлар. Катиониттер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 25336-82 Зертханалық шыны ыдыс және жабдық. Түрлері, негізгі параметрлері мен өлшемдер.

ISO 5667-3* Water quality. Sampling. Part 3. Guidance on the preservation and handling of water samples (Су сапасы. Сынамаларды іріктеу. 3-бөлім. Су сынамаларын сақтау және олармен жұмыс істеу бойынша нұсқау).

ISO 5667-4* Water quality. Sampling; Part 4. Guidance on sampling from lakes, natural and man-made (Су сапасы. Сынамаларды іріктеу. 4-бөлім. Табиғи және жасанды көлдерден сынамаларды іріктеу бойынша нұсқау).

ISO 5667-5* Water quality. Sampling. Part 5. Guidance on sampling of drinking water from treatment works and piped distribution systems (Су сапасы. Сынамаларды іріктеу. 5-бөлім. Тазарту құрылғылары мен тарату жүйелерінің құбыржолдарынан ауыз су сынамаларын іріктеу бойынша нұсқау).

ISO 5667-10* Water quality. sampling; part 10. guidance on sampling of waste waters (Су сапасы. Сынамаларды іріктеу. 10-бөлім. Саркынды сулардан сынамаларды іріктеу бойынша нұсқау).

ISO 5667-11* Water quality. Sampling. Part 11. Guidance on sampling of groundwaters (Су сапасы. Сынамаларды іріктеу. 11-бөлім. Топырақ суларының сынамаларын іріктеу бойынша нұсқау).

ISO 5667-15* Water quality. Sampling. Part 15. Guidance on the preservation and handling of sludge and sediment samples (Су сапасы. Сынамаларды іріктеу. 15-бөлім. Жауын-шашын мен шөгінділер сынамаларын консервілеу және өңдеу бойынша нұсқау).

ISO 15587-1* Water quality. Digestion for the determination of selected elements in water. Part 1. Aqua regia digestion (Су сапасы. Суда кейбір

* ҚР СТ 1.9. сәйкес қолданылады

элементтерді анықтау үшін гидролиттік ыдырату. 1-бөлім. Патша суында гидролиттік ыдырату)

ISO 15587-2* Water quality. Digestion for the determination of selected elements in water. Part 2. Nitric acid digestion (Су сапасы. Суда кейбір элементтерді анықтау үшін гидролиттік ыдырату. 2-бөлім. Азот қышқылында гидролиттік ыдырату).

ЕСКЕРТПЕ Осы стандарты қолдану кезінде зертханалардың пайдалану ережелерімен танысу керек. Стандарт қауіпсіздікпен байланысты барлық проблемаларды шешуді қарастырады. Зертхана қызметкері Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қауіпсіздік және денсаулықты қорғау ережелерін сақтауы керек.

1-кесте – Іріктеме көлемінен 20-µl(мкл) пайдаланған жағдайда су сынамасы үшін тән салмақтар, құралдың байқау шектері мен жұмыстың оңтайлы ауқымдары

Элемент	Сипатты масса, m_0[a], пг	Анықтау шегі [b] µg/l(мкг/дм^3)	Жұмыстың оңтайлы ауқымы[c] µg/l(мкг/дм^3)
Ag	1,5	0,2	от 1 до 10
Al	10	1	от 6 до 60
As	15	1	от 10 до 100
Cd	0,7	0,1	от 0,4 до 4
Co	10	1	от 6 до 60
Cr	3	0,5	от 2 до 20
Cu	5[d]	0,5	от 3 до 30
Fe	5	1	от 3 до 30
Mn	2,5	0,5	от 1,5 до 15
Mo	10	1	от 6 до 60
Ni	13	1	от 7 до 70
Pb	15	1	от 10 до 100
Sb	20	1	от 10 до 100
Se	25	2	от 15 до 150
Tl	10[d]	1	от 6 до 60
V	35	2	от 20 до 200
Zn	0,8	0,5	от 0,5 до 5

[a] Элементтің тән салмағы (m_0) жұтудың біріктірілген коэффициентін бағалау үшін пайдалану кезінде 0,0044 с белгісіне сәйкесетін пикограммада салмақ болып табылады (шың алаңы).

[b] Байқау шектері үшке көбейтілген нөлдік ерітінділердің қайталанатын өзгерістерінің ауытқуы ретінде есептеледі.

[c] Оңтайлы жұмыс ауқымы 0,05 с және 0,5 с арасында жұту коэффициентінің біріктірілген көрсеткіштеріне сәйкесетін шоғырлану аралығы ретінде анықталады.

[d] Егер Зееман фонын түзету пайдаланса, m0 мәні жоғары болады.

* ҚР СТ 1.9. сәйкес қолданылады

3 Әдіс негізі

Су сынамаларын қышқылмен өңдеп немесе ферментативті гидролиз пайдаланып консервілейді. Түп жиындыларының сынамалары өңделеді. Шағын аналитикалық үлгі ерітіндісінің өлшендісі атомды-абсорбциялық спектрометрдің графитті пешіне бүркіледі. Температураны біртіндеп ұлғайтып пешті электрмен қыздырады. Үлгіні кептіреді, күйдіреді және үгітеді. Атомды-абсорбциялық спектрометрия әдісі спектрометрдің графитті пешінде талданатын сынаманы электротермиялық атомдау нәтижесінде түзілетін анықталатын элементтің атомды буымен толқынның резонансты ұзындығын сәулелендіруді жұтуды өлшеуге негізделген. Тиісті көз анықталған элемент (немесе элементтер) үшін тән сәуле шашыратады. Сәуле шуағы графит пеште қыздырылған атомдық бұлт арқылы өтетін кезде, сәуле таңдалған элемент(тер) атомдарымен таңдап жұтылады. Сәуле қарқындылығының кемуі толқынның тән ұзындығында байқау құралымен өлшенеді. Үлгіде элементті шоғырландыру үлгіні жұту коэффициентін және градуирлеу ерітіндісінің жұту коэффициентімен салыстыру арқылы анықталады. Қажет жағдайда кедергілер үлгілерге талдауды бастағанға дейін матрицалық түрлендіргіштерді араластыру жолымен немесе қоспалардың стандартты әдісімен градуирлеуді жүзеге асыру жолымен жасала алады.

Нәтижелер судың куб метріне немесе шөгінді қалдықтарда құрғақ материал килограмына талдау (микрограммдар (μg) немесе миллиграммдар (mg)) кезінде анықталатын аналит заттектер массасы түрінде берілген.

4 Талдау нәтижелеріне заттардың әсері

Үлгінің кейбір ерітінділері, әсіресе сарқынды сулар мен шөгінді қалдықтарына ферментативті күйдіру нәтижелерге әсер ететін заттектердің үлкен санынан тұруы мүмкін. Хлоридтің жоғары шоғыры төмен нәтижелер себебі болуы мүмкін, себебі көптеген элементтердің буланғыштығы ұлғаяды және күйдіру кезеңдері бойына аналит-заттар жоғалуы болуы мүмкін. Матрицалық әсер температуралық бағдарламаны оңтайландыру, пиролиттік жабылған құбырлар мен платформаларды пайдалану, химиялық түрлендіргіштерді пайдалану, қосымдардың стандартты әдісі мен фонды түзету арқылы жартылай немесе толығымен жойыла алады.

5 Реактивтер

Үлгілерді алдын ала өңдеу және ерітінділерді дайындау үшін х.т немесе т.ұ.т. маркалы химиялық реактивтер пайдаланылады.

5.1 Су, 1 санатты, ISO 3696 сәйкес (≤0,01 мсек/м).

Бидистилденген немесе иондысыздандырылған су (дистиллденген ГОСТ 6709 бойынша, қайта айналған немесе ион алмасатын шайырмен бағана арқылы өткізілген ГОСТ 20298 бойынша.

5.2 Азот қышқылы, шоғырланған, $c(HNO_3)$=14,4 моль/дм^3, ρ≈1,4 кг/дм^3 (65 %).

Азот қышқылы ГОСТ 4461.

ρ=1,40 кг/дм^3 (65 %) жағдайында және жағдайында ρ=1,42 кг/дм^3 (69 %) шоғырланған азот қышқылын қолдану мүмкін болады. Екі нұсқа аланит-заттектердің аз болуын қамтамасыз етіп осы әдісте пайдалану үшін жарамды.

5.3Азот қышқылы, $c(HNO_3)$ =7 моль/дм^3.

Сыйымдылығы 1 дм^3 өлшемді құтыға 500 см^3 су құяды (5.1-т қара) және 490 см^3 шоғырланған азот қышқылын қосады (5.2-т қара), ерітіндіні сумен (5.1-т қара) белгіге дейін жеткізеді және әбден араластырады.

5.4 Азот қышқылы, $c(HNO_3)$=1 моль/дм^3.

Сыйымдылығы 1 дм^3 өлшемді құтыға 500 см^3 су құяды (5.1-т қара) және 70 см^3 шоғырланған азот қышқылын қосады (5.2-т қара), ерітіндіні сумен (5.1-т қара) белгіге дейін жеткізеді және әбден араластырады.

5.5 Азот қышқылы, $c(HNO_3)$≈0,1 моль/дм^3.

Сыйымдылығы 1 дм^3 өлшемді құтыға 500 см^3 су құяды (5.1-т қара) және 7 см^3 шоғырланған азот қышқылын қосады (5.2-т қара), ерітіндіні сумен (5.1-т қара) белгіге дейін жеткізеді және әбден араластырады.

5.5.1 Азот қышқылы $c(HNO_3)$≈0,3моль/ дм^3.

Сыйымдылығы 1 дм^3 өлшемді құтыға 500 см^3 су құяды (5.1-т қара) және 21 см^3 шоғырланған азот қышқылын қосады (5.2-т қара), ерітіндіні сумен (5.1-т қара) белгіге дейін жеткізеді және әбден араластырады.

5.6 Хлорлы сутекті қышқыл, шоғырланған, $c(HCl)$=12,1 моль/дм^3, ρ≈1,19 кг/дм^3 (37 %).

Тұз қышқылы ГОСТ 3118.

5.7 Хлорлы сутекті қышқыл, $c(HCl)$ ≈6 моль/ дм^3.

Сыйымдылығы 1 дм^3 өлшемді құтыға 400 см^3 су құяды (5.1-т қара) және 498 см^3 шоғырланған хлорлы сутекті қышқылды қосады (5.6-т қара), ерітіндіні сумен (5.1-т қара) белгіге дейін жеткізеді және әбден араластырады.

5.8 Хлорлы сутекті қышқыл, $c(HCl)$ ≈1 моль/ дм^3.

Сыйымдылығы 1 дм^3 өлшемді құтыға 500 см^3 су құяды (5.1-т қара) және 83 см^3 шоғырланған хлорлы сутекті қышқылды қосады (5.6-т қара), ерітіндіні сумен (5.1-т қара) белгіге дейін жеткізеді және әбден араластырады.

5.9 Негізгі ерітінді, ρ=1000 мг/дм^3.

Металдар мен металл тұздарынан негізгі ерітіндіні дайындауға арналған процедуралар А қосымшасында сипатталған. Негізгі ерітінділер

шамамен бір жыл орнықты болады, немесе өндіруші ұсынымына сәйкес болады.

5.10 Стандартты ерітінді, ρ=10 мг/дм^3.

Тамшуырмен 1000 мкл негізгі ерітіндіні (5.9-т қара) сиымдылығы 100 см^3 өлшемді құтыға құю, 0,5 см^3 шоғырланған азот қышқылын (5.2-т қара) қосу және ерітіндіні сумен (5.1-т қара) белгіге дейін жеткізіп әбден араластыру керек.

Осы ерітінді 6 ай сақтала алады.

5.11 Стандартты ерітінді, ρ=1 мг/дм^3.

Тамшуырмен 100 мкл негізгі ерітіндіні (5.9-т қара) сиымдылығы 100 см^3 өлшемді құтыға құю, 0,5 см^3 шоғырланған азот қышқылын (5.2-т қара) қосу және ерітіндіні сумен (5.1-т қара) белгіге дейін жеткізіп әбден араластыру керек.

Осы ерітінді 6 ай сақтала алады.

5.12 Стандартты ерітінді, ρ=100 мкг/дм^3.

Тамшуырмен 1000 мкл негізгі ерітіндіні (5.9-т қара) сиымдылығы 100 см^3 өлшемді құтыға құю, 0,5 см^3 шоғырланған азот қышқылын (5.2-т қара) қосу және ерітіндіні сумен (5.1-т қара) белгіге дейін жеткізіп әбден араластыру керек.

Осы ерітінді бір ай сақтала алады.

5.13 Градусты ерітінділер.

Градусталған ерітінділерін 5.10 және 5.12-т бойынша стандартты ерітінділерден дайындау.

Мына процедура мысал ретінде пайдалана алады.

2 мкг/дм^3; 4 мкг/дм^3; 6 мкг/дм^3; 8 мкг/дм^3 және 10 мкг/дм^3 аналит-заттектен тұратын 1 мг/дм^3 стандарты ерітіндіні (5.11-т қара) 200 мкл, 400 мкл, 600 мкл, 800 мкл және 1000 мкл сәйкес тамшуырлармен сиымдылығы 100 см^3 өлшемді құтыларға ауыстыру керек. Осындай сандағы қышқылды үлгілерде көрсетілгендей градуирлеу ерітінділеріне қосу керек. Қажет жағдайда өлшемді құтылардағы ерітінділерді сумен (5.1-т қара) белгіге дейін араластырып суыту керек. Құтыда алынған ерітінділерді араластыру керек.

1 мг/дм^3 төмен градуирлеу ерітінділері бір айдан артық, ал 100 мкг/дм^3 төмендері – бір күннен артық пайдаланбауы керек.

5.14 Бос ерітінділер.

Бос градуирлеу ерітінділерін стандарты ерітіндіні қоспай градуирлеу ерітінділеріне ұқсас дайындайды. Сиымдылығы 100 см^3 өлшемді құты пайдаланады. Үлгілерде көрсетілгендей градуирлеу ерітінділеріне сондай қышқыл санын қосу керек. Қажет жағдайда салқындату және сумен араластыру (5.1-т қара) керек.

5.15 Палладий нитраты/магний нитратының түрлендіргіші.

(10 г/дм^3) шоғырланған $Pd(NO_3)_2$ ерітіндісі. Термотұрақты стақанға *1,00 г ұнтақ тәрізді палладийді салады, 5 см^3 шоғырланған азот қышқылын*

қосады және металл толық ерігенге дейін орамы жабық электр плиткада қыздырады. Салқындатқаннан кейін ерітіндіні сиымдылығы 100 см^3 өлшемді құтыға сүзеді және сүзгіні 0,3 моль/дм^3 шоғырланған азот қышқылының ерітіндісінің бірнеше бөлігімен шаяды және белгіге дейін ерітінді көлемін жеткізеді.

0,259 г $Mg(NO_3)_2 \times 6H_2O$ 100 см^3 суда ерітеді (5.1-т қара). Палладий нитратының ерітіндісін магний нитратының ерітіндісімен араластыру керек. 10 мкл(μl) араласқан ерітіндіде 15 мкг(μg) Pd и 10 мкг(μg) Mg $(NO_3)_2$ болады.

Ерітіндіні ай сайын дайындап тұру керек.

Металл палладий, ұнтақ (99,94 %) ГОСТ 14836 бойынша.

6 сулы магний нитраты ГОСТ 11088 бойынша,т.ү.т.

5.16 Магний нитратын түрлендіргіш.

0,865 г $Mg(NO_3)_2 \times 6H_2O$ 100 см^3 суда еріту керек (5.1-т қара). 10 мкл(μl) осы еретіндіде 50 мкг(μg) $Mg(NO_3)_2$ болады.

5.17 Бастапқы қышқыл фосфор қышқылды аммоний түрлендіргіш

2 г $NH_4H_2PO_4$ 100 см^3 суда еріту керек (5.1-т қара). 10 мкл(μl) осы ерітіндіде 200 мкг(μg) $NH_4H_2PO_4$ болады.

Қышқыл фосфор қышқылды аммоний ГОСТ 3771 бойынша.

5.18 Бастапқы қышқыл фосфор қышқылды аммоний/магний нитратының түрлендіргіштері

2 г $NH_4H_2PO_4$ және 0,173 г $Mg(NO_3)_2 \times 6H_2O$ 100 см^3 суда (5.1-т қара) еріту керек. 10 мкл(μl) осы ерітіндіде 200 мкг(μg) $NH_4H_2PO_4$ және 10 мкг(μg) $Mg(NO_3)_2$ болады.

5.19 Никель түрлендіргіш.

0,200 г никель ұнтағын 1 см^3 шоғырланған азот қышқылында еріту (5.2-т қара) және 100 см^3 су (5.1-т қара) араластыру керек. 10 мкл(μl) осы ерітіндіде 20 мкг(μg) $Ni(NO_3)_2$ болады.

Никель ГОСТ 19241 бойынша.

5.20 Тазартушы және қорғаныс газ, Аргон (Ar) (≥ 99,99 %)

Тазалығы жоғары газ тектес аргон ГОСТ 10157 бойынша.

6 Өлшеу құралдары мен қосымша жабдық

Термотөзімді стақан ГОСТ 25336 бойынша.

Өлшемді құтылар ГОСТ 1770 бойынша.

Тамшуырлар ГОСТ 29228 бойынша.

Жалпы арналған, дәлдігі 2 сыныпты ГОСТ 24104 бойынша, өлшеудің үлкен шегі 200 г зертханалық таразылар.

Кептіру шкафы (қыздырудың реттелетін температурасы 250 ° С дейін).

ГОСТ 8.135 бойынша элементтердің су ерітінділері құрамының мемлекеттік стандарты ерітінділер (бұдан әрі МСЕ).

ЕСКЕРТПЕ жеке элементтердің су ерітінділері құрамының МСЕ орнына элементтердің су ерітінділері құрамының көп құрамды МСЕ пайдалану рұқсат етіледі. Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінде қажетті МСЕ болмауы жағдайда элементтердің аттестатталған қоспаларын пайдалану рұқсат етіледі.

Орамы жабық электр плитка ГОСТ 14919 бойынша.

ГОСТ 28165 бойынша бір сатылы және екі сатылы аквадистиллятар.

Жалпы тазартудың әдеттегі процедурасы шыны мен пластмасса үшін қажет болып табылады:

- қолданар алдында жабдықты бір күнге азот қышқылына, с ≈ 1 моль/дм^3 (5.4-т қара), не хлор сутекті қышқылға, с≈1 моль/дм^3 (см. 5.8) батыру керек;

- сумен үш рет шаяды (5.1-т қара).

Жабдықты қышқылға батырғанға дейін полиамидтен (мысалы сынамаларды іріктеуге арналған жабдықта бұрандалар мен сомындар) тұратын жабдық бөлігін шешіп алады.

Металдардың жоғары шоғырына ие үлгілер үшін бір рет пайдаланылған жабдық келесі элемент үлгілері үшін келешекте пайдаланбау үшін қажетті сақтық шараларын қабылдау керек.

6.1 Су үлгілеріне арналған контейнерлер полипропилен, полиэтилен немесе фторланған этилен-пропиленнен (ФЭП) жасалған шишалардан тұрады.

Шөлмектер мен тостақтарға арналған материал қандай да бір аналит-заттектерді сілтілемеуі керек. Шөлмектер мен тостақтар түссіз материалдан дайындалуы керек.

Шеткі келесі теңдеулерде шоғырлануды анықтау үшін (< 0,1 мкг/дм^3) төменде сипатталғандай тазарту процедурасын дәл сақтауы керек:

a) жаңа шөлмектерді ацетонмен майдың мүмкін қалдықтарын жою үшін шаю керек. Олай болмайтын жағдайда тиісті зарарсыздандыратын құралдар пайдалануы керек:

b) бірнеше рет сумен шаяды (5.1-т қараңыз);

c) бір аптаға хлор сутекті қышқылға салып қою, с≈6 моль/дм^3 (5.7-т қараңыз), не 24 сағатқа 45 °С - 50 °С температурасы жағдайында ұстау керек;

d) бірнеше рет сумен шаю (5.1-т қараңыз);

e) бір аптаға азот қышқылына батыру, с ≈ 7 моль/дм^3 (см. 5.3), не 24 сағатқа 45 °С - 50 °С температурасы жағдайында ұстау;

f) бірнеше рет сумен (5.1-т қараңыз) шаю және зертханалық тазартуға көшу;

g) шөлмектерді пайдаланылатын матрицаға дайындау үшін бір аптаға азот қышқылына батырып қою, с ≈ 0,1 моль/дм^3 (5.5-т қараңыз);

h) бірнеше рет сумен шаю (5.1-т қараңыз);

i) егер кептіру қажет болса, тазартылған ауамен кептіру (бокс);

j) тазартылған шөлмектерді пластик пакеттерге сақтау.

Егер с) және е) кезеңдерін пайдалану қажеттігі жоқ деп көрсетілсе, онда қышқылдардың біреуін алып тастауға болады. Бұл жағдайда хлор сутекті қышқыл полиэтилен және полипропилен үшін барынша тиімді болады, ал азот қышқылы ФЭП және шыны ыдыстары үшін пайдаланғаны жақсы болады.

6.2 Шөгінді қалдықтары үлгілеріне арналған контейнерлер пластмасса немесе шыныдан жасалған кең мойынды контейнерлерден тұрады.

Контейнерлерді тазарту үшін қышқыл пайдалану міндетті емес, зарарсыздандыратын құрал қосып сумен шаю және ионсыздандырылған сумен шайған жеткілікті (5.1-т қараңыз).

6.3 Металл бөлшектерсіз шыны немесе пластмассадан жасалған сүзгіш жабдық, 6-бөлімге сәйкес жалпы тазарту процедурасында көрсетілгендей тазартылған.

6.4 Атаулы саңылаулар радиусы сәйкес 0,45мкм және 0,4мкм жарғақты сүзгіштер немесе қылтүтікті сүзгіштер.

Материал аналит-заттек бөлмеуі немесе сіңірмеуі керек. Сүзгіні азот қышқылында тазарту, с ≈ 0,1 моль/дм^3 (5.5-т қараңыз), және бірнеше рет сумен шаю керек (5.1-т қараңыз).

6.5 Шөгінді қалдықтарын ұсақ ұнтақтауға арналған агат келі, *ГОСТ 12801.*

6.6 Тамшуырлар, сыйымдылығы 100 мкл(µl) - 1000 мкл(µl) *ГОСТ 29228 бойынша.*

Егер микро мөлшерлегіштер қандай да бір аналит заттектерден тұрмайтын немесе ерітіндіге бөлмейтін түссіз пластмассадан дайындалғаны жақсы. Тамшуырлар үлгілерді ластамауын тексеру қажет. Пайдаланар алдында тамшуырларды ерітіндімен шаю керек.

Шоғырланудың анықталатын деңгейіне қарай жаңа және қайтадан пайдаланылатын тамшуырлар араласқан қышқылмен тазартыла алады. Мысалы азот қышқылымен тазарту, с ≈ 1 моль/дм^3 (см. 5.4), және сумен (5.1-т қараңыз) шаю.

6.7 Графит пешпен жабдықталған атомды-абсорбциялық спектрометр, фонды түзету жүйесімен және *салыстырмалы қателігі 1 % артық емес* қуыс катодты қажетті шамдармен жарақталған,

Балама ретінде электродсыз разрядты шамдар пайдалана алады.

Желдеткіштің сору жүйесін өндірістік үймарат ауасының зиянды түтін және булармен ластануын болдырмау үшін пеш үстінде орналастыру керек.

6.8 Автомат сынама іріктегіш анықтау дәлдігі үшін пайдаланыла алады.

Шоғырланудың анықталатын деңгейлеріне қарай сынама іріктегіштің жаңа тостақтарын араластырылған қышқылмен тазартуға болады. Қайта пайдаланылатын тостақтарды үнемі қышқылмен шаю керек. Мысалы ыдыстарды азот қышқылымен тазартады, с ≈ 1 моль/дм^3 (5.4-т қара), және сумен шаяды (5.1-т қара). Егер олар ультра шағын сандарды табу үшін

пайдаланылатын болса (<0,1 мкг/дм^3), онда талданатын үлгілердегіге ұқсас сондай түрдегі және сондай шоғырдағы қышқылмен оларды толтыру арқылы ерекше тазартудың қажетті кезеңі қажет болуы мүмкін. Кем дегенде 2 сағат тұндырып қою керек. Ыдысты бірнеше рет сумен шаяды (5.1-т қара).

6.9 Графит құбырлар жоғары және орта ұшпалы элементтер үшін қажетті платформалармен пиролиттік жабылған, олар арасында төмен ұшпалы элементтер қабырғадан тозаңдатыла алады.

Қанағаттанарлық нәтижелерге қол жеткізілгені жағдайда әрі қарай графит түтіктер мен платформаларды пайдалануға қатысты өндіруші ұсынымдарын қолдану керек.

*1-ЕСКЕРТПЕ Көрсетілгеннен **төмен емес техникалық және метрологиялық сипаттамаларымен өлшеу құралдары, жабдықтар мен реактивтердің басқа түрлерін** қолдану рұқсат етіледі.*

Мемлекеттік метрологиялық бақылауды жүзеге асыру саласында қолданылатын өлшеу құралдары республикада қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында заңнамасына сәйкес қолдануға рұқсат етілуі керек.

7 Су сынамаларын іріктеу және алдын ала өңдеу

7.1 Сынамаларды іріктеу

Сынамаларды іріктеу *ҚР СТ РК ИСО 5667-1*, *ҚР СТ РК ИСО 5667-6*, ISO 5667-3, ISO 5667-4, ISO 5667-5, ISO 5667-10, ISO 5667-11 и ISO 5667-15 сәйкес жүргізілуі керек.

Су сынамаларын іріктеуге арналған жабдық үлгі металдан жасалған бұйымдармен жанаспайтын үлгіде дайындалуы керек. Ол үлгіге аналит-заттарды бөлмейтін пластмассадан жасалуы және араластырылған хлорлы-сутекті қышқылда тазарту үшін жарамды болуы керек.

7.2 Су сынамаларын алдын ала өңдеу

7.2.1 Жалпы ережелер

Үлгілерді, әсіресе элементтерінің шоғырлануы төмен үлгілерді алдын ала өңдеу және талдау «таза зертханалық» жағдайда жүргізілуі керек. «Таза зертханалық» әдіс зертхананың үлгілер түрлі көздерден туындайтын ластанулардан тұрақты қорғалуы үшін тазартылған ауамен қамтамасыз етілген болуы керек. Бірқатар жағдайда әлсіз артық қысым астында сүзілген ламинарлық ағынмен «таза бокстар» тиісті нұсқа ретінде пайдалана алады.

Су сынамаларында із элементтері бір немесе бірнеше мына тәсілдермен талдауға түсіріледі:

а) қышқыл қосу арқылы сақталатын (сүзілмеген). Үлгіні азот қышқылын қосу жолымен сақтайды. Бөлшектер тұнбада талдау жүргізуді бастағанға дейін қатысуы керек.

б) сүзілген (ерітілген). Үлгіні жарғақ немесе қылтүтікті сүзгі арқылы сүзеді және сүзілген ерітіндіні азот қышқылын қосу арқылы консервілеу керек;

в) қышқылмен өңдеу. Сақталған үлгіні азот қышқылымен немесе таза арақпен өңдеу керек.

Талдау жүргізгенге дейін судың сақталған сынамаларын ISO 5667-3 сәйкес 1°С - 5°С дейінгі температура жағдайында сақтайды.

7.2.2 Сүзу

Үлгілерді сүзу, егер талдауға ізге ие шағын элементтердің ерітілген формалары түсірілсе, қажетті болып табылады. Сынамаларды іріктегеннен кейін және сақтағанға дейін тікелей үлгіні сүзу керек. Онда үлгі металл бөлшектермен жанаса алатын жабдықты қолдану рұқсат етілмейді. Қысым астында сүзуде ластану қаупін азайту үшін қалаулысы вакуумды сүзу болып табылады.

Кем дегенде бақылау үлгінің бір ерітіндісі суды (5.1-т қара) ұқсас түлгілерге ұқсас тәсілмен сүзу арқылы (және сақтау) дайындау керек.

7.2.3 Су сынамасын консервациялау

Су сынамасын консервациялау ISO 5667-3 сәйкес. Үлгілерден pH<2 алу үшін 100 $см^3$ үлгіге 0,5 $см^3$ шоғырланған азот қышқылын қосыңыз (5.2-т қара). Сілтіліктің жоғары деңгейіне ие су сынамасын сақтау үшін қышқылдың үлкен санын қосу қажет болуы мүмкін. Үлгіге жұту әсері арқылы элементтердің жоғалуын болдырмау үшін қышқыл жеткілікті қосынды маңызды. Қосылған қышқыл санын белгілеңіз.

Ластану қаупін болдырмау үшін таза атмосферада зертханада үлгілерді сақтаған дұрыс. Бос бақылау реактивтерінің ерітінділері үшін суды (5.1-т қара) ұқсас үлгілерге орай тәсілмен сақтаңыз.

7.2.4 Су сынамаларын талдау

Таза арақ пен азот қышқылын қолданып су сынамасын талдау әдістері ISO 15587-1 және ISO 155-87-2 сәйкес көрсетілген. Хлорлы қосылыс графитті пеш әдісінде қатты бөгеуілдер тудыруы мүмкін болатындықтан, азот қышқылын қолданып суды талдау ұсынылады. Кейбір элементтер үшін (мысалы осы стандартта Sb) азот қышқылы келмейді және таза арақ пайдалануы керек азот және тұз қышқылының қоспасы).

Кем дегенде бос сынаманың бір ерітіндісін (5.1-т қара) ұқсас үлгілерге орай тәсілмен дайындаңыз. Ыдыратуға талдауды жүргізуді бастағанға дейін өлшемді құтыда сынаманы деңгейге дейін сумен (5.1-т қара) көлемді жеткізу керек.

7.3 Тұнба үйінділерінің сынамаларын алдын ала өңдеу

7.3.1 Тұнба үйінділетінің үлгілерін сақтау

Тұнба үйінділерінің сынамалар үлгілері іріктелгеннен кейін дайындаушы ыдысында (6.2-т қара) тоңазытқышта сақталуы, қажет жағдайда әрі қарай өңдеу үшін мұздатылуы керек (ISO 5667-15-т қара).

Егер талдау құрғақ үлгіде жүргізілсе, үлгіні айдаумен, немесе басқа жағдайда оны 24 сағат бойына 105 °С температурасы жағдайда кептіріп алған дұрыс.

Кептірілген үлгіні агат келіде (6.5-т қара) үгітіп, қажет жағдайда қойылтып елеу керек.

Кептірілген үйінділер су жұтады және сақтау кезінде ылғал сіңіретін болады. Айдаумен кептірілген үлгілерде бірнеше пайыз су болады. Су болуын өлшендіні ыдырату және талдау жүргізуді бастағанға дейін 105 °С температурасы жағдайда кептіру жолымен бақылау керек.

7.3.2 Тұнба үйінділерінің үлгілерін ыдырату В қосымшасына сәйкес.

8 Химиялық түрлендіргіштер

Химиялық түрлендіргіштер үлгіде спектралдық және спектралдық емес бөгеуілдерді болдырмау үшін пайдаланылады (матрицалық әсер).

Аналит-заттар көмегімен немесе оны қоспай және градусталу қоспасымен аналит-заттарды қалпына келтіру деңгейін салыстыру арқылы үлгіні өлшеу арқылы спектралдық емес бөгеуілдер болуын анықтауға болды. Түрлендіргішпен жұмыс тиімділігіне көз жеткізу үшін осындай процедура таңдалған химиялық түрлендіргішті қосу арқылы қайталанады.

Жалпы қалыпта химиялық түрлендіру мақсаты тозаңдату кезеңін бастағанға дейін ластаушылар салмағын жою мақсатында пиролиздеудің жоғары температурасына жеткізу мүмкіндігі болып табылады. Pd және $Mg(NO_3)_2$ қиылысуы көптеген элементтер үшін пайдаланатын әмбебап түрлендіргіш болып саналады. Pd реактив-қалпына келтіргішпен қиылысуы, мысалы аскорбин қышқылымен қиылысу жиі $Pd/Mg(NO_3)_2$ орнына пайдалнылады. Фондық жұту әдетте $Mg(NO_3)_2$–мен жоғары болады. Сондай-ақ өзге түрлендіргіштер пайдаланылады. Олардың кейбіреулері (мысалы никель қосылысы) жарамсыз болуы мүмкін, себебі орнату жабдығында жиі қатысатын және пеш ластануын тудыра алатын элементтерден тұрады. 2-кестеде халықаралық стандарттарда элементтер үшін химиялық түрліндіргіштер бойынша кейбір ұсыныстар берілген. Егер олар дұрыс нәтижелер көрсетсе, өзге химиялық түрлендіргіштер пайдалана алады.

Егер химиялық түрлендіргіштер пайдаланылса, оларды сынама үлгілеріне, бос бақылау реактивтердің ерітінділеріне, бос сынамалар ерітінділеріне, калибрлеу ерітінділеріне және бос калибрлеу ерітінділеріне қосу қажет болады. 2-кесте бойынша ұсынылатын мөлшерлеуге жету үшін 10 мкл(μl) түрлендіргіш ерітіндісін қосу керек болады. Түрлендіргіш ерітіндісін үлгі енгізілгеннен кейін автомат сынама іріктегіштің тозаңдатқышына тікелей бүркіген дұрыс болады.

2-кесте - Ұсынылатын химиялық түрлендіргіштер

Элемент	Химиялық түрлендіргіштер (5.15 - 5.19 дейін)	Шама, мкг[a]
Ag	Pd + $Mg(NO_3)_2$ немесе $NH_4H_2PO_4$	15 + 10 200
Al	Pd + $Mg(NO_3)_2$ немесе $Mg(NO_3)_2$	15 + 10 50
As	Pd + $Mg(NO_3)_2$ немесе Ni (нитрат ретінде)	15 + 10 20
Cd	Pd + $Mg(NO_3)_2$ немесе $NH_4H_2PO_4$ + $Mg(NO_3)_2$	15 + 10 200 + 10
Co	$Mg(NO_3)_2$	50
Cr	$Mg(NO_3)_2$	50
Cu	Pd + $Mg(NO_3)_2$	15 + 10
Fe	$Mg(NO_3)_2$	50
Mn	Pd + $Mg(NO_3)_2$ немесе $Mg(NO_3)_2$	15 + 10 50
Mo	Түрлендіргіш талап етілмейді	-
Ni	$Mg(NO_3)_2$	50
Pb	Pd + $Mg(NO_3)_2$ немесе $NH_4H_2PO_4$ + $Mg(NO_3)_2$	15 + 10 200 + 10
Sb	Pd + $Mg(NO_3)_2$ немесе Ni (нитрат ретінде)	15 + 10 20
Se	Pd + $Mg(NO_3)_2$ немесе Ni (нитрат ретінде)	15 + 10 20
Tl	Pd + $Mg(NO_3)_2$	15 + 10
V	Түрлендіргіш талап етілмейді	-
Zn	Pd + $Mg(NO_3)_2$ немесе $Mg(NO_3)_2$	15 + 10 6

[a] шамалар ұсынылатын болып табылады. Кейбір тозаңдатқыштарда елеулі аз сан талап етіледі. Сондай-ақ құрал өндірушілерден ұсынымдарды қарау керек.

9 Графитті пеш жұмысының бағдарламаларын құру

Графитті пеш бағдарламасын құру С қосымшасында келтірілген.

Графитті пешке арналған температуралық бағдарлама әдетте өзіне төрт кезеңді қамтиды:

a) кептіру;

b) күйдіру (құрғақ айдау);

c) тозаңдату;

d) тазарту.

Басында өндірушімен ұсынылған пештерді пайдалану кезінде сынаулар температурасы мен кезеңділігін пайдаланған дұрыс. Тозаңдату кезеңінде аргон берілуін тоқтату керек.

Фон түзетуді үнемі пайдалану керек.

Толқынның айнымалы ұзындықтары пайдалана алады (түрлі сезімталдықпен). Мысалы жүктеу үшін 283,3 нм қарағанда екі есе

сезімталдық артық болатын жағдайда 217,00 нм толқын ұзындығы пайдалана алады. Алайда шу бөгеуілдер тәуекелінен артық және күшті болады. Жоғары шоғырлану жағдайында сезімталдықтың барынша төмен толқын ұзындығы пайдалана алады, мысалы Zn үшін 307,6 нм және Fe үшін 271,9 нм немесе 305,9 нм.

Бағалау үшін біріктірілген жұтулық ұсынылады (шың алаңы).

10 Ерітінділерді градуирлеу

10.1 Стандартты градуирлеу әдісі

Градуирлеуді жүргізуді нөлдік градуирленген ерітіндіден (5.14-т қара) және шоғырланудың тиісті аралығы үшін 3-тен 5-ке дейін тең қашықтықта градусталған ерітінділерден (5.13-т қара) бастау керек. Градуирлеу қисығының тіктігі жиі шектеулі екенін атап кету керек.

Градуирлеу ерітіндісінің жұтатын қасиетінің мәндері нөлдік градуирлеу ерітіндісінен жұтатын қасиет мәнін есептеу жолымен түзетіледі. Графикке градуирлеу қисығын салу үшін, статистикалық сипаттаманы есептеу үшін градуирлеу ерітіндісінің аналит-заттектерінің шоғырымен бірге қорытынды мәндер пайдаланылады.

10.2 Стандартты қосу әдісі

Химиялық түрлендіру пайдаланылмайтын немесе матрица әсері жойылмайтын жағдайда спектралды емес бөгеуілдердің әсерін азайту үшін градуирлеу қисығы жұтудың пайдаланылатын ауқымында сызыққа созылғаны жағдайда қосудың стандартты әдісі қолданыла алады. Қосудың стандартты әдісі тән емес фондық жұту сияқты спектралды бөгеуілдерді түзету үшін пайдаланыла алмайды және егер бөгеуілдер белгіні үш мәннен артыққа өзгертсе, пайдаланылмауы керек.

Ұқсас үлгілердің бірдей көлемдерін дайындау үш ыдыста жүргізіледі (мысалы автомат сынама іріктегіштің тостақтары). Екі ыдысқа бастапқы үлгіден болжанатыннан 100% және 200% жоғары болатын жұтудың тиісті мәндерін алу үшін екі ыдысқа стандартты ерітіндінің шағын саны қосылады. Үшінші ыдысқа судың (5.1-т қара) тең саны қосылады. Ерітінділерді әбден араластыру керек. Біріктірілген жұтылулық 1-суретте келтірілгендей ордината бойынша өлшенеді. Осы үлгімен бос бақылау реактиві ерітіндісінде, не бос ерітінді ерітіндісінде аналит-заттек шоғыры анықталады. 1-суретте байқау үлгісінде аналит заттек шоғыры 6,67 мкг/дм ^{3} тең, ал бос сынама ерітіндісінде 0,36 мкг/дм^3 тең.



X - ұлғайту (мкг/дм^3);
Y- біріктірілген жұтымдылық;
1 – байқау үлгісінің ерітіндісі;
2 - байқау үлгісінің ерітіндісі+ 5 мкг/дм^3;
3 - байқау үлгісінің ерітіндісі+ 10 мкг/дм^3;
4 – бақылау сынамасының ерітіндісі;
5 - бақылау сынамасының ерітіндісі+ 5 мкг/дм^3;
6 - бақылау сынамасының ерітіндісі+ 10 мкг/дм^3.

1-сурет – Калибрлеу қызметін стандарты ұлғайту мысалы

11 Есептеулер

11.1 Суға арналған нәтижелер

Байқау үлгісінің ерітіндісінде, бос бақылау реактивінің ерітіндісінде және бақылау сынамасының ерітіндісінде аналит-заттектің шоғырлану мәндерін градуирлеу қисығының шоғырлану мәнінен есептеу немесе градуирлеу қызметінен есептеу керек. Байқау үлгісінің ерітіндісінде аналит-заттектің шоғырын түзету бос бақылау реактивінде ерітіндіде немесе бақылау сынамасының ерітіндісінде аналит-заттектің шоғырын есептеу жолымен жүргізіледі.

Қажет жағдайда ерітіндіні араластыру кезеңінде түзету жүргізіледі.

Нәтижелер куб дециметрге микрограммда (мкг/дм^3) жазылады. Айыратын белгілері жоқ байқау үлгілері үшін «байқау шегі» сияқты нәтиже келтіріледі.

11.2 Түптегі шөгінділерге арналған нәтижелер

Байқау үлгісінің ерітіндісінде және градуирлеу қисығынан бақылау сынамасының ерітіндісінде аналит-заттек шоғырлану міндерін шегеру немесе градуирлеу қызметінің шоғырлану мәнінен есептеу керек. Аналит-заттектер шоғырлануын түзету байқау үлгісінің ерітіндісінде бақылау сынамасының ерітіндісінде аналит-заттек шоғырлануын есептеу жолымен жүргізіледі.

Байқау үлгілерінің аналит-заттектерінің болуы келесі 1-формула бойынша құрғақ материалда сынаулар жүргізу кезінде есептеледі:

$$W_{s,dm} = \rho_{digs}(V_{digs}/m_{drs}) , \qquad (1)$$

2-формула бойынша ылғал үлгі негізінде сынаулар жүргізу кезінде есептеледі:

$$W_{s,dm} = \rho_{digs}(V_{digs}/m_{ws}w_{dm,ws}) \times 100, \qquad (2)$$

мұнда $W_{s,dm}$ – құрғақ заттың килограммға миллиграммда (мг/кг) көрсетілген үлгіде аналит-заттектер болуы;

P_{digs} – өңделген үлгінің, бақылау сынамасы ерітіндісі үшін түзетілген куб дециметрге микрограммда (мкг/дм^3) көрсетілген аналит-заттек шоғыры;

V_{digs} – бұл араластырғаннан кейін өңделген үлгінің куб сантиметрінде көрсетілген көлем;

m_{drs} – бұл құрғақ үлгінің миллиграммында көрсетілген салмақ;

m_{ws} – бұл ылғал үлгінің миллиграммында көрсетілген салмақ

$w_{dm,ws}$ – пайыздық қалыпта көрсетілген ылғал үлгіде құрғақ заттың болуы.

Түптегі шөгінділерге арналған нәтижелер килограммға миллиграммда жазылады (мг/кг). Олар үшін байқалатын белгі жоқ байқау үлгілері үшін «байқау шегі» сияқты нәтижелер жазылады.

12 Анықтау дәлдігі

Зертханааралық сынаулар 2002 жылы көрсетілді, олар өздеріне табиғи су, сарқынды су, буландырылған түптегі қалдықтар мен кептіріліп қойылтылған көлдің тұнба шөгінділерінің үлгілерін қамтыды. Барлық үлгілер екі данада жөнелтіліп талданды. Fe, Mn және Al арналған нәтижелер түптегі үйінділер сынамалары үшін айтылмайды, себебі онда шоғырлар әдіс үшін оңтайлы жұмыс ауқымының шегінен тыс жатты және аз зертханалар нәтижелерін хабарлады. Сарқынды суларда темір мен сүрме және буландырылған түптік шөгінділер үш зертханамен анықталды. Осы үлгімен толық статистикалық бағалау мүмкін болмайды (3-кестені қара).

3-кесте – 2002 жылғы наурызда халықаралық зертханалық салыстыруларға негізделген әдістің жұмыс сипаттамалары

Талдана-тын элемент	үлгі	n	o	$X_{шы-найы}$ мкг/ дм^3	X мкг/ дм^3	Қалпына келтіру, %	Қайтала-ну, түрле-ну коэффициенті, %	Өндірілу, түрлену коэффициенті, %
Ag	SL	9		0,8	1,00	126	8,2	53,1
	SH	9		7,2	8,13	113	3,6	22,9
	FWL	5	1		0,774		8,2	56,9
	FWH	9			5,92		5,0	33,0
	WW	7	1		3,43		8,8	32,0
	Dig	9			1,00		14,0	69,0
	Sed	4	1		0,172[a]		6,5	27,1
Al	SL	6	2	5	5,85	117	14,2	44,3
	SH	10	2	45	38,6	86	2,4	16,4
	FWL	11			170		6,6	46,2
	FWH	11			193		5,4	44,0
	WW	4	2		147		3,9	40,3
As	SL	7	2	9	9,00	100	2,8	14,1
	SH	9	2	81	77,5	96	2,7	10,5
	FWL	9			8,74		7,4	25,2
	FWH	1			68,6		3,6	17,8
	WW	4	1		11,6		4,0	35,9
	Dig	8	1		74,4		4,2	26,9
	Sed	7	1		16,3[a]		3,8	26,2
Cd	SL	3	1	0,3	0,303	101	3,5	17,0
	SH	4	2	2,7	2,81	104	1,9	10,7
	FWL	1	2		0,572		2,9	14,9
	FWH	1	3		3,07		2,1	10,4
	WW	7	2		1,00		3,1	27,5
	Dig	9	2		48,7		2,2	14,8
	Sed	7	3		9,53[a]		3,5	17,0
Co	SL	3		5,5	5,71	104	3,1	8,5
	SH	2	2	49,5	50,6	102	1,0	7,9
	FWL	3			4,23		9,0	14,8
	FWH	3	1		40,5		2,6	10,6
	WW	0			11,6		7,0	32,9
	Dig	1			337		1,6	12,2
	Sed	0			68,0[a]		1,8	15,4
Cr	SL	1	3	1,9	1,91	101	7,5	12,4
	SH	4	1	17,1	17,5	102	2,0	7,9
	FWL	3	1		1,95		7,7	24,7
	FWH	3	2		14,0		2,0	7,3
	WW	7	4		3,91		4,2	40,5
	Dig	9			246		3,7	8,7
	Sed	8	3		51,3[a]		1,3	21,7

3-кесте *(жалғасы)*

